

«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ


БЕКІТІЛДІ

«Марат Оспанов атындағы Батыс
Қазақстан медицина университеті» КеАҚ
Басқарманың

2024 жылғы 27.05.

№ 22 хаттама шешімімен

«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНА
МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Код	Басылым	Кұрастырган	Келісілді	Қолы	Күні
Е БҚМУ 01-01-06-02	Ушінші	Кошмаганбетова Г.К.  <u>21.05.2024ж.</u>	Абенова Н.А.		<u>24.05.2024ж.</u>
			Рамазанова А.А.		<u>23.05.2024ж.</u>
			Урумбаева А.Н.		<u>22.05.2024ж.</u>

Ақтөбе, 2024

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» ҚеАҚ	Күні: 21.05.2024	Басылым: үшінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» ҚеАҚ магистратураға қабылдау қағидалары	Қ БҚМУ 01-01-06-02	11-беттің 2-беті

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы ереже магистратураға қабылдау (бұдан әрі – Ереже) Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Университет) магистратурасына тұлғаларды қабылдау тәртібін сипаттайды.

1.2. Осы Ережелерге сәйкес әзірленді:

➤ "Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау және "құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызметтің көрсету тәртібін айқындайтын "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 11) тармақшасымен және "мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасымен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша оқу үшін қабылдау);

➤ "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 казандағы № 600 бұйрығымен (02.06.2023 №252 жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен);

➤ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен

➤ Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № КР ДСМ-63 бұйрығына 4-қосымша жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары ("Денсаулық сактау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің бұйрығы). Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 шілдеде № 28716 болып тіркелді)

➤ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 2 шілдедегі №316 бұйрығымен бекітілген Білім беру бағдарламаларының топтары бөлінісінде 2022-2023 оқу жылына арналған жоғары біліммен

1.3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

➤ кешенді тестілеу-ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, бір мезгілде бірнеше оқу пәндері бойынша өткізілетін емтихан нысаны;

➤ магистратура-кемінде 60-120 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша "магистр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауга бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі;

➤ магистр-магистратураның білім беру бағдарламаларын менгерген адамдарға берілетін дәреже;

➤ магистрант-магистратурада оқытын тұлға;

➤ үміткердің портфолиосы-үміткердің жеке дело, оған ғылыми жетістіктер (макалалардың, ғрамоталардың, сертификаттардың, үміткер сөз сөйлеген конференция бағдарламаларының көшірмелері және т. б.) енгізілген.;

➤ шекті балл-республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет каражаты есебінен немесе ақылы негізде тұсу үшін білім беру грантын беру жөніндегі конкурска катысуға мүмкіндік беретін тестілеу блоктары немесе пәндері бойынша Үлгілік қағидаларда белгіленген ең төмен балл сомасы;

➤ сертификат-кешенді тестілеуде жиналған балдарды ресми растайтын белгіленген үлгідегі атаулы құжат.

2. МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ

2.1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) магистранттарын қабылдау ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттар бойынша

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАК	Күні: 21.05.2024	Басылым: үшінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» КеАК магистратураға қабылдау қағидалары	К БҚМУ 01-01-06-02	11-беттің 3-беті

кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте ЖЖОКБҰ мынадай жағдайларда:

1) білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны тоқтата түрү, кері қайтарып алу және одан айыру туралы уәкілетті орган шешім қабылдаған жағдайларда қабылдауды жүзеге асырмайды;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің жаңындағы білім беру ұйымдары мен әскери, арнаулы оқу орындарын қоспағанда, аккредиттеу тоқтатылған, кері қайтарылған немесе қолданылу мерзімі аяқталған;

3) мемлекеттік бақылау қорытындылары бойынша және (немесе) сот процесі кезеңінде оның нәтижелері бойынша өрескел бұзушылықтар анықталған кезде;

4) білім беру бағдарламасының тиісті тобына білім беру бағдарламаларың саласындағы уәкілетті органның білім беру бағдарламаларын тізілімінен білім беру бағдарлаамасының болмауы немесе одан алып тастау жайдайларында қабылдауды жүзеге асырмайды.

2.2. Университет магистратурасына адамдарды қабылдауда кешенді тестілеу нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

2.3. Шетел азаматтарын университетке ақылы негізде оқуға қабылдауда университеттің қабылдауда комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Шетелдік азаматтарды қабылдауда академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде жоғары оқу орынан кейінгі тегін білім алуды магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаны қоспағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында айқындалады.

2.4. Мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін үш жыл ішінде бейінді магистратурага ақылы негізде мерзімді әскери қызмет өткерген адамдарды қабылдауда ЖЖОКБҰ қабылдауда комиссиялары күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша түсү емтихандарынсыз жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдауда академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

2.5. Шет тіліндегі құжаттар нотариалды күәландырылған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен ұсынылады. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар 1 (бірінші) академиялық оқу кезеңі ішінде адамдарды қабылдағаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

2.6. Құжаттарды қабылдауда және түсү емтихандарын өткізуі үйимдастыру үшін университет қабылдауда комиссиясын құрады. Қабылдауда комиссиясының төрағасы Университет Басқарма Төрағасы - ректоры болып табылады.

2.7. Қабылдауда комиссиясының құрамы мен функциялары қабылдауда комиссиясы төрағасының немесе оның міндеттін атқарушы адамның бүйрұғымен бекітіледі.

2.8. Магистратураға түсушілер үшін қабылдауда комиссиясы түсушілерге жоғары оқу орынан кейінгі білім берудің таңдаулы білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша кеңес беруді, кешенді тестілеу рәсімімен танысады жүзеге асырады.

2.9. Магистратураға түсетін өтініштерді қабылдауды университеттің қабылдауда комиссиясы және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы күнтізбелік жылдың 1 маусымынан 15 шілдесіне дейін жүргізеді.

2.10. Магистратураға күнтізбелік жылдың 25-28 тамыз аралығында түсетін тұлғалар көрсетілетін қызметті берушіге (университеттің қабылдауда комиссиясы арқылы) (бұдан әрі-көрсетілетін қызметті беруші) немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы ұсынады www.egov.kz (бұдан әрі-портал) "құжаттарды қабылдауда және жоғары оқу орындарына қабылдауда" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 8-тармагында көзделген құжаттар

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» ҚеАҚ	Күні: 21.05.2024	Басылым: үшінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» ҚеАҚ магистратураға кабылдау қағидалары	Қ БҚМУ 01-01-06-02	11-беттің 4-беті

топтамасы жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша · оқыту үшін " (бұдан әрі-мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты).

- 2.11. Жеке басты қуәландыратын құжаттар, жоғары білім туралы құжат, медициналық анықтама туралы мәліметтер көрсетілетін қызметті берушіге тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы ұсынылады.
- 2.12. Қабылдау комиссиясы құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметтер алушыға өтініш келіп түскен күні құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады не көрсетілетін қызметтер алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.
- 2.13. Көрсетілетін қызметтер порталы арқылы жүгінген жағдайда алушыға "жеке кабинетке" мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.
- 2.14. Көрсетілетін қызметті беруші олар келіп түскен сәттен бастап ұсынған құжаттардың толықтығын тексереді, толық болмаған жағдайда өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол электрондық құжат нысанында өтініш берушіге порталдағы "жеке кабинетке" жіберіледі.
- 2.15. Көрсетілетін қызметтерді алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушіге көрсетілетін қызметтердің хабарламасын алғаннан кейін университетке қабылдау үшін құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі, алушы көрсетілетін қызметті берушіге күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейінгі мерзімде құжаттардың түпнұсқаларын ұсынады.
- 2.16. Құжаттарды қабылдағаннан кейін университет басшысы алушының қызметтерін магистранттар қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

3. МАГИСТРАТУРАҒА ТҮСЕТИН АДАМДАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- 3.1. Магистратураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын менгерген адамдар қабылданады.
- 3.2. Мамандықтар бойынша магистратураның білім беру бағдарламаларын менгергісі келетін адамдардың алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар:

➤ **M144 - "Медицина":** Жоғары кәсіптік білім мамандығы бойынша 5B130100 – "Жалпы медицина", 040100 – "Емдеу іci", 040200 – "Педиатрия", 040600 – "Шығыс медицина" 5B130200 – "Стоматология", 5B110400 – "Медициналық-профилактикалық іc";

➤ **M140 – "Қоғамдық денсаулық сактау":** Жоғары кәсіптік білім мамандығы бойынша, 5B110200 – "Қоғамдық денсаулық сактау", 5B130100 – "Жалпы медицина", 040100 – "Емдеу іci", 040200 – "Педиатрия", 040600 – "Шығыс медицинасы", 5B130200 – "Стоматология", 5B110100 – "Мейіргер іci", 5B110300 – "Фармация", 5B030100 – "Құқықтану", 5B050600 – "Экономика", 5B050700 – "Менеджмент", 5B051000 – " Мемлекеттік және жергілікті басқару ", 5B051300 – "Әлемдік экономика";

➤ **M141 – "Мейірбике іci":** Жоғары кәсіптік білімі мамандығы 5B110100 – "Мейіргер іci", 5B130100 – "Жалпы медицина", 040100 – "Емдеу іci", 040200 – "Педиатрия", 040600 – "Шығыс медицина" 5B130200 – "Стоматология", 5B110400 – "Медициналық-профилактикалық іc";

➤ **M145 – "Медициналық-профилактикалық іc":** Жоғары кәсіптік білімі бойынша мамандығы: 5B110400 – "Медициналық-профилактикалық іc" 5B130100 – "Жалпы медицина", 5B110200 – "Қоғамдық денсаулық сактау".

➤ **M143 – "Биомедицина":** Жоғары кәсіптік білім, медициналық, жаратылыстану-ғылыми, техникалық мамандықтар бойынша.

- 3.3. Магистратураға түсетін үміткерлер университетке жүгінген кезде "жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» ҚеАҚ	Күні: 21.05.2024	Басылым: үшінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» ҚеАҚ магистратурага қабылдау қағидалары	Қ БҚМУ 01-01-06-02	11-беттін 5-беті

"ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандагы № 600 бүйрөкіне сәйкес мынадай құжаттарға (03.05.2024 жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) тапсырады:

1) Университет басшысының атына өтініш;
2) жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа) және қосымшасы бар жоғары білім туралы дипломның нотариалды куәландырылған көшірмесі);

3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);
4) өлшемі 3 x 4 сантиметр болатын 6 фотосурет;

5) № КР ДСМ-175/2020 бүйрөкімен бекітілген Электрондық форматтағы 075/е нысаны бойынша Медициналық анықтама;

6) ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic); TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test); неміс тілі: DSH (Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang), TestDaF-Prufung; француз тілі: TFI (Test de Francais International™), DELF (Diplome d'Etudes en Langue franaise), DALF (Diplome Approfondi de Langue franaise), TCF (Test de connaissance du franaise). КТ-ға электронды форматта және конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде сертификат деректерін енгізу қажет.;

7) еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар адамдар үшін);

8) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (олар болған жағдайда).

9) шарт жасасуға және оку шығындарын төлеуге кепілдік беретін хат (кандай да бір мекеме немесе ұйым оку ақысын төлеген жағдайда магистратурага ақылы негізде түсушілер үшін).

3.4. 3.3-тармақтың 6) және 7) тармақшаларында санамаланған құжаттар. түпнұсқалар мен көшірмелерде ұсынылады, салыстырғаннан кейін түпнұсқалар алушыға қайтарылады.

3.5. Осы тармақта көрсетілген құжаттардың толық емес тізбесін ұсынған кезде университеттің қабылдау комиссиясы окуға түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

3.6. Портал арқылы жүгінген кезде магистратурага түсетьн тұлғалар:

1) алушының көрсетілетін қызметтерінің электрондық-цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) жоғары білім туралы электрондық құжат;

3) ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic); TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test); неміс тілі: DSH (Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang), TestDaF-Prufung; француз тілі: TFI (Test de Francais International™), DELF (Diplome d'Etudes en Langue franaise), DALF (Diplome Approfondi de Langue franaise), TCF (Test de connaissance du franaise). КТ-ға электронды форматта және конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде сертификат деректерін енгізу қажет.;

4) еңбек қызметін растайтын электрондық құжат (еңбек өтілі бар адамдар үшін);

5) 3 x 4 сантиметрлік сандық фотосурет;

6) № КР ДСМ-175/2020 бүйрөкімен бекітілген Электрондық форматтағы 075/е нысаны бойынша Медициналық анықтама;

7) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (олар болған жағдайда).

3.7. Жеке басын куәландыратын құжаттар, жоғары білімі туралы құжат, медициналық анықтама, интернатураны бітіргені туралы күәлік туралы мәліметтер көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" шлозі арқылы тиісті мемлекеттік акппараттық жүйелерден ұсынылады.

3.8. Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушынын "жеке кабинетіне" ЭЦК-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі.

3.9. Көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

3.10. Барлық құжаттар байланыстырышқа тігіледі, парактар нөмірленеді және құжаттар тізімдемесіне енгізіледі.

3.11. 3.3-тармақтың 2), 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың түпнұсқаларымен бірге. олардың нотариалды куәландырылған көшірмелері ұсынылады. Құжаттардың түпнұсқалары .

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» ҚеАҚ	Күні: 21.05.2024	Басылым: үшінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» ҚеАҚ магистратураға қабылдау қағидалары	Қ БҚМУ 01-01-06-02	11-беттің 6-беті

қайтарылады.

- 3.12. Университетке магистратураға қабылдау туралы акпарат және регламенттеуші құжаттама университет сайтында орналастырылған (<http://www.zkgmu.kz>) және "Платонус" автоматтандырылған акпараттық жүйесі (ААЖ) арқылы (<https://platonus.zkmu.kz>).
- 3.13. Магистратураға түсушілер өтініште білім беру бағдарламаларының бір тобын және ЖЖОКБҰ-ның 3 (Үш) дейін көрсетеді.
- 3.14. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурсқа қатысу үшін түсушілер ЖЖОКБҰ ға күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін береді:
 - 1) өтініш (еркін нысанда);
 - 2) жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа);
 - 3) кешенді тестілеу сертификаты және шет тілін менгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін менгергенін растайтын халықаралық сертификаттың көшірмесі (олар болған жағдайда) (магистратура үшін);
 - 4) енбек кітапшасының көшірмесі (бар болса);
 - 5) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.
- 3.15. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша Конкурс Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша кешенді тестілеу және/немесе түсү емтиханының балдарына сәйкес өткізіледі.
- 3.16. Білім беру грантын беру жөніндегі конкурсқа өтініш бергенге дейін окуга түсушінің Ұлттық білім беру деректер базасында (ҰБДБ) "білім алушы" мәртебесі болмауы тиіс.

4. ТҮСҮ ЕМТИХАНДАРЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

- 4.1. Денсаулық сақтау бағыты бойынша ғылыми-педагогикалық магистратураға түсетін тұлғалар кешенді тестілеуден өтеді:
 - 1) Таңдау бойынша шет тілдерінің бірі бойынша тест (ағылшын, неміс, француз);
 - 2) білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша, таңдау бойынша қазақ немесе орыс тілінде тест;
 - 3) қазақ немесе орыс тілінде таңдау бойынша окуға дайындығын анықтауға арналған тест.
- 4.2. Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсуші тұлғалар таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден тұратын КТ тапсырады.
- 4.3. Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсуші тұлғалар ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден тұратын КТ тапсырады.
- 4.4. Ағылшын тілінде оқытатын магистратураға түсетін тұлғалар ағылшын тілінде білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тестті және қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде таңдау бойынша окуға дайындығын анықтауға арналған тестті қамтитын кешенді тестілеуді тапсырады.
- 4.5. Кешенді тестілеуді өткізу "Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.
- 4.6. Кешенді тестілеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі айқындастын кешенді тестілеу өткізу пункттерінде жүргізеді.
- 4.7. Магистратураға кешенді тестілеуді өткізу кезінде тәртіпті сақтауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің уәкілетті өкілдері қамтамасыз етеді.
- 4.8. Кешенді тестілеудің бейіндік пәндерін көрсете отырып, жоғары оку орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі кешенді тестілеуді өткізу қағидаларына 7-қосымшага сәйкес белгіленеді.

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» ҚеАК	Күні: 21.05.2024	Басылым: үшінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» ҚеАК магистратураға қабылдау қағидалары	Қ БҚМУ 01-01-06-02	11-беттін 7-беті

4.9. Фылыми-педагогикалық магистратура үшін қазақ немесе орыс тілінде оқытатын магистратура үшін кешенді тестілеудің тест тапсырмаларының саны 130 құрайды:

- 1) Шет тілі бойынша тест-50;
- 2) оқуға дайындығын анықтауға арналған тест-30;

3) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест – 50, оның ішінде: бірінші бейіндік пән бойынша – 30, екінші бейіндік пән бойынша – 20.

Қазақ немесе орыс тілінде оқытатын магистратура үшін кешенді тестілеу бойынша ең жоғары балл саны – 150 баллды құрайды.

4.10. Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратура үшін сәйкес кемінде 30 балл, бұл ретте оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл.

Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратура үшін сәйкес кемінде 30 балл, бұл ретте білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл.

Қазақ немесе орыс тілінде оқытатын бейінді магистратура үшін кешенді тестілеу бойынша ең жоғары балл саны – 70 балл; ағылшын тілінде оқытатын бейінді магистратура үшін – 70 балл.

4.11. Кешенді тестілеуге қазақ немесе орыс тілдерінде оқытатын фылыми-педагогикалық жүйеде орналастыруышылар үшін 3 сағат 55 минут, жобалық 2 бөлім 40 минут болінеді.

4.12. КТ-ге қатысу үшін өтініш берген бірақ рұқсаттамада көрсетілген күні тестілеуге қатыспаган болса, тиісті тест тапсыру тіліне және білім беру бағдарламалары тобының бейініне сәйкес аудиторияда орын болған жағдайда және келесі дәлелді себептер бойынша КТ-ді өткізу кезеңінде келесі күндердің бірінде қатысу мүмкіндігі беріледі:

- 1) деңсаулық жағдайы бойынша № КР ДСМ-175/2020 бұйрығына сәйкес нысан бойынша енбекке уақытша жарамсыздық парагы немесе медициналық анықтама болған кезде;
- 2) тізбесі "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Қазақстан Республикасының Кодексінде айқындалған жақын туыстарының қайтыс болуын растайтын құжаттар болған кезде;
- 3) төтенше жағдайлар кезінде..

4.13. Магистратураға түсетін тұлғалар шет тілін менгерудің жалпыевропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін менгергенін растайтын халықаралық сертификат болған кезде, Қағидаларға 2-3-қосымшаға сәйкес балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес келесі тілдер бойынша аударыла отырып, шет тілі бөлімінен өз қалауымен босатылады:

ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic);

TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test);

неміс тілі: DSH (Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang), TestDaF-Prufung;

француз тілі: TFI (Test de Francais International™), DELF (Diplome d'Etudes en Langue franzaise), DALF (Diplome Approfondi de Langue franzaise), TCF (Test de connaissance du français)

4.14. Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын және экономикалық ынтымақтастық және даму үйімінде (ЭҮДҮ) мүші мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізілімдеріне және (немесе) қауымдастықтарына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредиттеуі бар елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ-ны аяқтаған адамдар 5 жыл ішінде "шет тілі" (ағылшын тілі) тестілеу блогынан босатылады қазақ немесе орыс тілінде оқытатын магистратураға кешенді тестілеу.

4.15. Кешенді тестілеудің нәтижелері олар өткізілген күні жарияланады. Кешенді тестілеу нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол Қазақстан Республикасы Білім

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» ҚеАҚ	Күні: 21.05.2024	Басылым: ұшінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» ҚеАҚ магистратураға қабылдау қағидалары	Қ БҚМУ 01-01-06-02	11-беттін 8-беті

және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығының сайтында расталады (www.testcenter.kz)

- 4.16. Кешенді тестілеуді оларды тапсырған жылы қайта тапсыруға жол берілмейді.
- 4.17. Кешенді тестілеу нәтижелерімен келіспеген адамдардың өтініштерін карау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жаңынан апелляцияларды карау жөніндегі Республикалық комиссия құрылады. Республикалық апелляциялық комиссияның төрагасы мен құрамы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітіледі.
- 4.18. Кешенді тестілеуді қағаз форматта өткізу кезінде кешенді тестілеуді өткізудің әрбір пунктінде апелляциялық комиссиялар құрылады. Апелляциялық комиссиялардың төрагалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітіледі.
- 4.19. Республикалық апелляциялық комиссия тест тапсырмаларының мазмұны және техникалық себептері бойынша магистратураға түсетін тұлғалардың өтініштерін қарайды.
- 4.20. Апелляциялық комиссия және (немесе) республикалық апелляциялық комиссия жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларының топтары бойынша тұсу (шығармашылық) емтиханының немесе кешенді тестілеудің нәтижелеріне апелляция берген адамның өтініші бойынша шешім қабылдайды.
- 4.21. Магистратураға түсетін тұлғалардан апелляцияға өтініш келіп түсушілердің атына жеке өзі немесе ҰТО ақпараттық жүйесі арқылы беріледі. Өтініш тұсу емтиханы мен кешенді тестілеу нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00 - ге дейін қабылданады, өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде апелляциялық комиссия қарайды.
- 4.22. Апелляциялық комиссия әр адаммен жеке жұмыс істейді. Адам апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.
- 4.23. Апелляциялық комиссия өтінішті қараған кезде апелляция берген тұлға жеке басын күәландыратын құжатты ұсынады.
- 4.24. Кешенді тестілеуді қағаз форматта өткізу кезінде кешенді тестілеуді өткізу пунктінде апелляциялық комиссиясы кешенді тестілеу нәтижелеріне апелляция берген тұлғаға балдар қосу туралы шешім қабылдайды. Кешенді тестілеуді өткізу пунктінде апелляциясын карау нәтижелерін апелляциялық комиссия Республикалық апелляциялық комиссияға береді.
- 4.25. Республикалық апелляциялық комиссия апелляциялық комиссия ұсынысының негізділігін қарайды және апелляциялық комиссияның ұсынысы келіп түскеннен кейін бір күн ішінде шет тілі бойынша тұсу емтиханының нәтижелеріне немесе магистратурада оқу үшін кешенді тестілеудің нәтижелеріне апелляциялық тұлғага балл қосу туралы шешім қабылдайды.
- 4.26. Кешенді тестілеуді электрондық форматта өткізу кезінде апелляцияға түсушінің өтініші тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде қабылданады. Өтініштердің негізділігін Республикалық апелляциялық комиссия тестілеу өткізілген күннен кейін күнтізбелік 3 (үш) күннен 5 (бес) күнге дейін қарайды.
- 4.27. Апелляциялық комиссиялар шешімдерді комиссия мүшелерінің жалпы санының көшілік даусымен қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрагасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссиялардың жұмысы төраға мен Комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.
- 4.28. Тұсу емтихандарын және кешенді тестілеуді өткізу кезінде тәртіпті сактау мақсатында кешенді тестілеуді өткізу пункттеріне және ЖЖОКБҰ га Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің өкілдері жіберіледі

5. МАГИСТРАТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ

- 5.1. Магистратураға қабылдау мынадай балл жинаған қазақ немесе орыс тілді ғылыми-педагогикалық магистратураға кешенді тестілеу қорытындысы бойынша жүзеге асырылады: Шет тілі бойынша Тест – кемінде 25 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған Тест –

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» ҚеАҚ	Күні: 21.05.2024	Басылым: үшінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» ҚеАҚ магистратураға қабылдау қағидалары	Қ БҚМУ 01-01-06-02	11-беттің 9-беті

кемінде 7 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша Тест – кемінде 14 балл (таңдаумен бір дұрыс жауап - 7-ден кем емес, бір немесе бірнеше дұрыс жауаптарды таңдаумен 7-ден кем емес) қазақ немесе орыс тілінде оқытатын магистратурага кешенді тестілеу үшін 150 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес.

- 5.2. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға конкурстық негізде кешенді тестілеу және (немесе) түсі емтиханы бойынша ең жоғары балл жинаған тұлғалар қабылданады:
 - 1) ғылыми-педагогикалық магистратура үшін-кемінде 75 балл;
 - 2) ағылшын тілінде оқытатын магистратура үшін-кемінде 50 балл;
 - 3) бейінді магистратура үшін-кемінде 30 балл;
- 5.3. Оқуға түсуші үшін кешенді тестілеудің тест тапсырмаларының жауаптарын бағалау мынадай түрде жүзеге асырылады:
 - 1) бір дұрыс жауапты таңдау тапсырмаларында-дұрыс жауапты таңдау кезінде бір балл, калған жағдайларда нөл балл беріледі;
 - 2) бір немесе бірнеше дұрыс жауаптарды таңдау тапсырмаларында: барлық дұрыс жауаптарды таңдау үшін екі балл, жіберілген бір қателік үшін - бір балл, жіберілген екі қателік үшін – нөл балл беріледі.
- 5.4. Шет тілі (ағылшын, неміс) бойынша тест тапсыру туралы сертификаты бар адамдарға 100 балдық бағалау жүйесі бойынша ең жоғары балл есептеледі.
- 5.5. Магистратураға түсі емтихандарын сәтті тапсырған, бірақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша бөлінген орындарға конкурс бойынша өтпеген адамдар магистратураға шарттық (ақылы) негізде қабылдануы мүмкін. Қабылдау Қабылдау комиссиясының шешімі негізінде тараптар білім беру қызметтерін ақылы көрсету туралы шарт жасасқаннан кейін жүзеге асырылады.
- 5.6. Адамдарды магистратураға ақылы негізде қабылдау қазақ немесе орыс тілді ғылыми-педагогикалық магистратураға кешенді тестілеу үшін 150 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес кешенді тестілеу корытындысы бойынша жүзеге асырылады: кемінде 75 балл, бұл ретте шет тілі бойынша-кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: таңдаумен бір дұрыс жауап-кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау-кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтау тесті бойынша – кемінде 7 балл.
 Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ корытындылары бойынша Қағидаларға 7-1-қосымшага (бұдан әрі – 7-1-қосымша) сәйкес оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 70 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес кемінде 30 балл, бұл ретте білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.
- 5.7. Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша Қағидаларға 8-қосымшага (бұдан әрі – 8-қосымша) сәйкес оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 70 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес кемінде 30 балл, бұл ретте білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.
- 5.8. Жоғарыда көрсетілген сертификаттардың балдарын аудару республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурска қатысу үшін өтініш берілгеннен кейін немесе ақылы негізде ЖЖОКБҰ ға қабылданған кезде жүзеге асырылады.
- 5.9. Бейінді магистратураға саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізіліміне, тиісті салалардағы азаматтық қызметшілері лауазымдарының тізіліміне сәйкес басшы лауазымында кемінде бес жыл өтілі бар немесе білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес

	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» ҚеАҚ	Күні: 28.08.2024	Басылым: үшінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» ҚеАҚ магистратураға қабылдау қағидалары	Қ БҚМУ 01-01-06-02	

мамандығы бойынша кемінде 10 жыл енбек өтілі бар тұлғалар ЖЖОКЕҮ қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша ақылы негізде қабылданады.

5.10. Университет Денсаулық сактау саласындағы үәкілетті органға 10 күнтізбелік күн ішінде қабылдауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

Қосымша А
(міндетті түрде)

Н ПРО БҚМУ 401-02-22

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

№	Күні	Енгізілген өзгеріс және/немесе толықтыру		Өзгерістерді жүзеге асыратын тұлға	
		бөлім, пункт	мазмұны	Аты-жөні	қолы
	28.08.2024	3 Бөлім 3.2.тармак	M142 Фармация: -Жоғары кәсіби білім мамандықтары 6B110300 – "Фармация" магистратура мамандығы, 6B074800 – "Фармацевтикалық өндіріс технологиясы" M139 «Денсаулық сактау саласындағы менеджмент»: Жоғары кәсіби білім мамандықтары 5B110200 – "Қоғамдық денсаулық сактау", 5B130100 – "Жалпы медицина", 040100 – "Емдеу ici", 040200 – "Педиатрия", 040600 – "Шығыс медицинасы", 5B130200 – "Стоматология", 5B110100 – "Мейіргер ici", 5B110300 – "Фармация", 5B110400 – "Медициналық-профилактикалық ic", 5B050600 – "Экономика", 5B050700 – "Менеджмент", 5B030100 – "Құқықтану", 5B051000 – "Мемлекеттік және жергілікті басқару", 5B051300 – "Әлемдік экономика"	Кошмаганбетова Г.К.	



	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» ҚеАҚ	Күні: 21.05.2024	Басылым: ұшінші
	«Марат Оспанов атындағы БҚМУ» ҚеАҚ магистратураға кабылдау қағидалары	Қ БҚМУ 01-01-06-02	11-беттің 11-беті

Қосымша Б (міндетті түрде)

Н ПРО БКМУ 401-03-22

ТАНЫСУ ПАРАФЫ